

Оның үстіне кезінде өмірге келген аулалық клубтар жас ұрпақты саналы да салауатты азамат ретінде тәрбиеге баулитын тамаша үрдіс болып қалыптасып еді.



Теміртау спортымен біте қайнасқан марқұм Қуанышбек Еламанұлы **Қаланың құрметті азаматы.** Қалдырған ізі сайрап жатыр, тындырған істері қомақты, күрделі. Жұрттың бірі білсе, бірі білмес, Қуанышбек Еламанұлы сонау 1980 жылы Мәскеуде өткен олимпиадаға барған жерлесіміз. Мұндай құрмет еңбегі сіңгендіктен және лайықты деп танылғандықтан көрсетілетіні мәлім.

## Қуанышбек Едгин жайлы әдебиеттер:

**Алдашева, Р. Едгиннің еңбегі мен есімі ел жадында:** [Теміртау қаласы спорт кешенінің қайраткері Қ. Едгин туралы] // Құрыш қала. - 2014.- 18 шіл. (№29).- 4 б.

**Смағұлдың, Т. Нағыз казак:** [Теміртау қаласы спорт кешенінің қайраткері Қуанышбек Едгин жайлы] // Құрыш қала. - 2012.- 14 желт. (№50).- 10 б.

Құрастырушы: АББ библиографы  
Жанашева К.А.

ОК телефоны: 8(7213)98-47-60  
Факс: 8(7213)44-66-81  
E-mail: [tcsgb@mail.ru](mailto:tcsgb@mail.ru)



«Теміртау қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ  
Ақпараттық библиографиялық бөлім

## Қала тарихындағы есімдер



**Едгин  
Қуанышбек  
Еламанұлы**

**жаднама**

**Теміртау , 2015**

## Едгиннің еңбегі мен есімі ел жадында



Талай тектілерді түлеткен тұғырлы мекен саналатын Теміртаудай құрыш қаланың күшағында ержетіп, саналы гүмырын арнап, шаһардың шырайын шығарып, ажарын ашқан ардаазаматтардың бірі де бірегейі Қуанышбек Еламанұлы Едгин екені белгілі.

Осы кісінің есімі атала қалса алдыңғы толқын: «Теміртаудағы спорт кешенін салдырып еді», «Жастар» жүзу бассейні осы Қуанышбек Еламанұлының қолтаңбасы» десе, кейінгі толқын: «Аула клубтарының атасы ғой» деп, оның есімін артында қалған істерімен қоса еске алады.

Осы уақытқа дейін жүрегімізді еткізіп, құйқа тамырымызды шымы Теміртауға көшіп келгенде Қуанышбек ағамыз небәрі он бір жаста екен. Теміртаумен тағдыры тоғысқан ол есейе келе қалалық комсомол комитетінің бюро мүшесі болыпты, комбинаттың «Денсаулық» цехының бастығы, кәсіподақ комитеті төрағасының орынбасары секілді басқа да қызметтерді атқарған жылдарында халық қажетіне жарайтын нысандардың салынуына бас-көз болыпты.

Бір ғана «Болат» қайық су базасының мектебінен 150-ден астам спорт шеберлері өсіп шыққан екен. 1955-1963 жылдары Кеңес Одағының спорт қоғамының орталық кеңесіне мүше болып сайлануы Теміртау қаласындағы спорттың бағын ашса, спорт Еламанұлының жұлдызды шағын жарқ еткізді.

Қаланың комсомол комитетінің бюро мүшесі ретінде 1959 жылы 3000

қазақ жастарын қарсы алу, қабылдау, оларды игі істерге жұмылдыру әркімнің маңдайына жазбайтын бақыт.

Жалпы Қуанышбек ағамыз бір нәрсені ойлап таппаса көңілі көншімейді. Сондықтан да Едгинмен қала спорты егіз. Қайық есу, оның академиялық түрі, хоккей, жасөспірімдердің аула клубы осылардың барлығы осы кісінің төл балалары.

- Халқымызда «Жақсы адам - жұрттың ырысы» деген даналық бар, Қуанышбек Еламанұлы азаматтық келбеті мен адамгершілік қасиеттері жағынан ешкімге ұқсамайтын, өте қарапайым, сонымен қатар іскер адам болатын. Зейнетке шыққаннан соң да қоғамдық жұмыстан қол үзбей, спорт ардагерлерінің клубын басқарды, қаламыздағы барлық



шағын аудандарында балалардың аула клубтарының өмірге келуіне күш салды. Міне, бұл өзінің өмірлік ұстанымын сөзбен емес, іспен көрсеткен нағыз азаматтың келбеті. Ағамыздың жетпіс жастан асып кеткен шағында да жасөспірімдердің аула-

лық клубтарын қайта жаңғыртудағы ерен еңбегін ол кісінің жұлдызды сәті демеуге ешкімнің аузы бармайды. Өйткені бұл жұмыс басы бүтін дүниелер быт-шыты шығып қирап, «бас-басына би болып, елдің сиқын бұзып» отырған заманда басқаларын былай қойғанда, Үкіметтің қалтасы бос, әрі тесік болғандықтан шарасыздық танытып, қолдарын кімге



жаярын білмей отырғандағы серпіліс болатын. Осы серпіліс ұлттың мүддесі үшін десек асыра айтқандық емес.

Бас-аяғы бір-екі жылда қалада қырықтан астам аулалық клуб жасөспірімдерге есік ашқан. 2000 жылы ашылған алғашқы «Актив» аула клубы футбол, хоккей сияқты балалар ерекше жақсы көретін ойын түрлерімен қатар қазақтың төл ойындары тоғызқұмалақ, асық сияқты ұмытылған ойын түрлерін қолға алған. Ұрпақ тәрбиесінде осындай орындардың қаншалықты маңызды рөл атқаратынын жақсы біліп, тәуелсіз қоғамымызға лайықты, жаңа сипатпен қайтадан жаңғыртқан.